



«Бекітемін» -----

Мектеп директоры: К.С.Байғалиев

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің
«Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша
«К.Шакенов атындағы орта мектебі» КММ
2023-2024 оқу жылына арналған
КЕШЕНДІ ТӘРБИЕ ЖОСПАРЫ

Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды

ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ЖОСПАРЫ ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ АЙЫ

- 1 қыркүйек-Білім күні, сынып сағаттары
- 5 қыркүйек- А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар
- Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама Қожас Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл
- Қазақ әдебиетінің ХХ ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург Жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл

№	Уақыты	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)						
1	01.09.23	1 қыркүйек - білім күні «Мектеп – мейірім мекені» «Сәлем, жаңа оқу жылы» «Еңбегі адал жас + өрен»)	1-11 сыныптар	Салтанатты жиын және сынып сағаттары	«Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және Отаншылдық», «Менің сүйікті мектебім», «Менің алғашқы ұстазым» республикалық онлайн акциясы #Bilim_quni хэштегі	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева Сынып жетекші
2	1 апта	«Жолда жүру қауіпсіздігі!» («Жеткіншектің Жеті Жарғысы»)	1-11 сыныптар	Тәрбие сағаты	Сынып сағатының жоспары	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева Сынып жетекші жол полициясының мамандары, жергілікті учаскелік полиция мамандары
3	1 апта	Білім беру ұйымдарының қатысуымен «Ұлы даланың – ұлтаралық тілі» қазақстан халқының тілдері күніне арналған іс-шаралар	1-11 сыныптар	Іс-шаралар	Қазақстан халқының тілдері күніне арналған акциялар, түрлі іс-шаралар	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева Мектеп тәлімгерлері Ж.Өнербек Тіл мамандары,
4	1 апта 08.09.23	Салауатты өмір салтын насихаттау және нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрес: «Мектеп спорты	1-11 сыныптар	«Сергіту сәті» челлендж	челлендж	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева Мектеп тәлімгері Ж.Өнербек Сынып жетекші, дене шынықтыру пәнінің

		апталығы», «Спорт ойындары күні» спорттық акция «Тоғыз айға 9 іс-шара»				мұғалімдері
5	1 апта	Отбасы күніне арналған іс-шаралар	1-11 сыныптар	Сынып сағаты, іс-шаралар	Отбасы күніне арналған жарнамалық акциялар, түрлі іс-шаралар,	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева Мектеп тәлімгері Ж.Өнербек Сынып жетекшілер
6	2 апта	«Мектеп – мейірбандық мекені» («Өзіңе және өзгеге жақсылық жаса» жобасы)	1-4 сыныптар 5-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева Сынып жетекшілер
7	2 апта	«Адал азамат – әділетті Қазақстан» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева Сынып жетекшілер
8	2 апта	«Ел бүгіншіл, менікі ертеңгі үшін» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	10-11 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева Сынып жетекшілер
9	3 апта	«Ізгілікке қалам тартқан... жас ғұмыр» («Балалар кітапханасы» жобасы)	1-4 сыныптар	Сынап сағаты	Сынып сағатының жоспары	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева Сынып жетекшілер
10	2 апта	Еріктілер ұйымын құру («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	5-10 сыныптар	Ұйым құру	Ұйымның жоспары	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева Сынып жетекшілер Тәлімгер
11	3 апта	«Кітапқа жазылмаған тарих» атты Ерлік сабақтары («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)	10-11 сыныптар	Тәрбие сағаты	әскери қызметшілеріме н, заманымыздың батырларымен Ted-x форматында кездесу	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева Сынып жетекшілер АЭД жетекшісі К.А.Калиев
12	4 апта	«Қожа Ахмет Ясауидің хәл хикмет ілімі» Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)	10-11 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева Тарих пәнінің мұғалімдері
13	4 апта	«Толық адам» ілімі («Жеткіншектің Жеті	10-11	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева

		<i>Жаргысы»))</i>	сыныптар			Сынып жетекшілер Тәлімгер
--	--	--------------------	----------	--	--	------------------------------

ҚАЗАН – АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ АЙЫ

- 1 қазан - Қарттар күні
- 5 қазан – Мұғалімдер күні
- 25 қазан – Республика күні
- Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл
- Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшһүр - Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл
- Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл
- Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл
- Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл

Қазақ халқының XX ғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы, ақыл-ойшысы, демократ ақыны Торайғыровтың туғанына 130 жыл

- Ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл



№	Уақыты	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)						
1	1 апта	«Қарттар күніне арналған тәрбие сағаттар, дөңгелек үстелдер, кездесулер, мерекелік кештер ұйымдастыру. Қарт адамдарға көмек топтарын құру жұмыстарын ұйымдастыру	1-11 сыныптар	Сынып сағаты, мерекелік кештер	Жеке жоспар	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева Сынып жетекшілер Тәлімгер
2	1 апта	«Ұстаз! Сіздің алдыңызда.....» («Оқуға құштар мектеп» жобасы)	1-11 сыныптар	Сынып сағаты, мерекелік іс-шаралар	Сынып сағатының жоспары, мерекелік-іс-шараның	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева Сынып жетекшілер Тәлімгер

					сценарийі	
3	1 апта	«Бір отбасы – бір кітап» («Балалар кітапханасы» жобасы)	1-11 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева Сынып жетекшілер Тәлімгер
4		«Ұлы дала перзентімін» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	1-4 Сыныптар 5-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева Сынып жетекшілер Тәлімгер
5	2 апта	«Жақұты барға жасын түспейді» («Балалар кітапханасы» жобасы)	10-11 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева Сынып жетекшілер Тәлімгер
6	3 апта	«Бес нәрсеге асық бол...» («Жеткіншектің Жеті Жарғысы»)	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева Сынып жетекшілер Тәлімгер
7	3 апта	«Әкем айтқан нақыл сөз...» Әкелер форумы	1-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценарийі	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева Сынып жетекшілер Тәлімгер
8	3 апта	«Денсаулықтың 6 шарты – таза ауа, дұрыс тамақтану, қозғалыс, тыныш ұйқы, көтеріңкі көңіл-күй, күйзеліске түспеу»	1-11 сыныптар	Тренинг	Тренинг жоспары	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева, Сынып жетекшілер Психолог
9	4 апта	«Әнұран айту» челленджі» (Тоғыз айға 9 іс-шара)	1-11 сыныптар			ДТІЖО Г.Ж.Тагаева, Сынып жетекші
10		«Көк тудың желбірегені...» 25 қазан- Республика күніне	1-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шаралар	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценарийі,	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева, Сынып жетекші

		арналған іс-шаралар «Төрт тоқсан-төрт өнер» ақындар айтысы				
11	Тоқсанына 1 рет	Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың, қорлаудың, қудалаудың, балалар ортасында мектептегі атыстардың алдын алу	7-10 сыныптар	Іскерлік ойындар, дебаттар, даулар, отырыс	Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың зорлық- зомбылықтың, қорлаудың, қудалаудың, балалар ортасында мектептегі атыстардың алдын алу туралы түсінік қалыптастыру	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева, Сынып жетекші

ҚАРАША – ПОЭЗИЯ АЙЫ

➤ 15 қараша - Ұлттық валюта күні

➤ Күзгі демалыс

№		Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)						
1.	2 апта	«Әкеге-ізет, анаға – құрмет» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева, Сынып жетекші
3	2 апта	«Оян, ар мен адалдық» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	1-4 сыныптар 5-11 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	1-11сынып жетекшілер
6	3 апта	«Отбасылық дәстүрлер» отбасы құндылықтарын насихаттау, отбасы күніне арналған жарнамалық акциялар, түрлі іс-шаралар, әлеуметтік медиа челленджерді ұйымдастыру («Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы)	1-4 сыныптар 5-9 сыныптар	Сынып сағаты, іс-шаралар	Сынып сағатының жоспары,	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева, Сынып жетекші Мектеп тәлімгері Ө.Жақсыбек
7	4 апта	«Жас Сарбаз» қозғалысының тәрбиеленушілері арасында әскери-патриоттық әндер фестивалі	9-11 сыныптар	әскери-патриоттық әндер фестивалі	Әскери-патриоттық әндер байқауын ұйымдастыру	АӘД жетекшісі К.А.Калиев
8	4 апта	«Әлемді бағындырған жерлесіміз» «Ұлттық мектеп лигасы»	1-4 сыныптар	Тәрбие сағаты	Тәрбие сағатының жоспары	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева Дене шынықтыру пәні мұғалімдері, Сынып жетекшілері

9	4 апта	«Тоғызқумалақ-дау» «Асық ату» челленджі, (Тоғыз айға 9 іс-шара)	1-6 сыныптар	Спорттық іс- шара	Іс-шараның жоспары	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева Дене шынықтыру пәні мұғалімдері,

ЖЕЛТОҚСАН – «ҚАЗАҚСТАН - ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ»

➤ 16 -17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32 жылдығы

№	Уақыты	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)						
1.	1 апта	«Тарих пен тіл тамырлас» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	1-11 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева Сынып жетекшілер
2	2 апта	«Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» Шығарма жазу болашаққа хат» («Тоғыз айға тоғыз шара» жобасы)	1-11 сыныптар	Сынып сағаты (Ата-аналар мен іс-шаралар)	Сынып сағатының жоспары,	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева Сынып жетекшілер Тіл мамандары
3	2 апта	«Мен - еріктімін» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	5-8 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары,	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева Сынып жетекшілер Тіл мамандары
4	2 апта	«Қазақстан – біртұтас жер, біртұтас халық, біртұтас болашақ» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	1-4 Сыныптар 5-8 сыныптар	Сынып сағаты Тимбилдин	Командалық жұмыс,	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева
5	3 апта	«Ұлттық рух – тәуелсіздік тірегі» («Жеткіншектің Жеті Жарғысы» жобасы)	1-11 сыныптар	Патриоттық тәрбие сағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер

7	4 апта	«Таным.Тағылым. Тәрбиесі» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	5-11 сыныптар	Ата-ана жиналысы	Хаттама	Сынып жетекшілер
8	3 апта	Үнемі оқитын табысты адам («Балалар кітапханасы» жобасы)	4-9 сыныптар	Үздік оқырманмен кездесу	Республикалық мәдени-ағартушылық жобасын ұйымдастыру және өткізу	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева Сынып жетекшілер Кітапханашы
9	3 апта	«Ұлттық мектеп лигасы» жобасын іске асыру, білім алушылардың денсаулығы мен әлеуметтік жағдайын нығайтуда білім ұйымдарымен бірлесіп спорттық ойындар өткізу «Алтын сақа» ұлттық ойыны «Төрт тоқсанға төрт шара» жобалары	5-11 сыныптар	Спорттық іс-шара	Хаттама	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева Сынып жетекшілер Дене шынықтыру пәні мұғалімдері

ҚАҢТАР – «ҰЛТТЫҚ КОД» айы

➤ Қысқы демалыс

№	Уақыты	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)						
1.	1апта	Туған өлке ақындарының шығармалары («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	1-11 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева Сынып жетекші
2.	2апта	«Мен оқыған бір ертегі» («Оқуға құштар мектеп» жобасы)	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева Сынып жетекші Кітапханашы
3	1апта	«Парасаттылық туралы» («Оқуға құштар мектеп» жобасы)	5-11 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева Сынып жетекшілер
4.	2апта	«Қыз намысы – ұлт намысы» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	Аналар мектебі	Қыздармен жұмыс	Хаттама	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева Сынып жетекшілер
5.	3апта	«Әкеңнің төріне сенбе, еткен еңбегіне сен» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	«Әкелер» клубы	Ұлдармен жұмыс	Хаттама	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева Сынып жетекшілер

6.	Тоқсанына 1 рет	Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың, қорлаудың, қудалаудың, балалар ортасында мектептегі атыстардың алдын алу	7-10 сыныптар	Іскерлік ойындар, дебаттар, даулар, отырыс	Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың, қорлаудың, қудалаудың, балалар ортасында мектептегі атыстардың алдын алу туралы түсінік қалыптастыру	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева Сынып жетекшілер
7.	1 апта	«Профи TIME» мамандықтар әлемінде («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	10-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценариі	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева Сынып жетекшілер
8	2 апта	«Қалдықтарды табысқа айналдырайық» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	1-4 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара, көрме	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева Сынып жетекшілер
9	3 апта	«Отбасылық таланттар» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	1-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценариі	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева Сынып жетекшілер
10	2 апта	«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» («Ұлттық мектеп лигасы»)	1-6 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценариі	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева Сынып жетекшілер
11	3 апта	Белгілі Спортшылардың қатысуымен СӨС	5-11 сыныптар	Кеңестер өткізу	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценариі	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева Сынып жетекшілер

		қалыптастырудағы спорттың рөлі туралы дөңгелек үстел ұйымдастыру				
12		«Қазақ есебі» челленджі	1-11 сыныптар	челлендж		ДТІЖО Г.Ж.Тагаева Сынып жетекшілер

АҚПАН – ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ АЙЫ

№	Уақыты	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)						
1.	3 апта	«Мақал – сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы» Оқуға құштар мектеп жобасы («Балалар кітапханасы» жобасы)	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева Бастауыш сынып мұғалімдері
2.	2 апта	Абайдың «Толық адам» ілімі («Балалар кітапханасы» жобасы)	5-8 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева Сынып жетекшілер
3.	3 апта	«Қазақ даласының ұлы тұлғалары» («Балалар кітапханасы» жобасы)	9-11 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева Сынып жетекшілер
4.	4 апта	«Үйрен жақсы әдептен...» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	1-5 сыныптар	Ата-ана сағаты	Хаттама	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева Сынып жетекшілер
5.	2 апта	Балалардың ақпараттық қауіпсіздігін және цифрлық сауаттылығын қамтамасыз ету. Кибербуллинг туралы ескерту	5-11 сыныптар	Ашық ақпараттық сабақтар	Іс-шараның жоспары/сценаріі	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева Сынып жетекшілер Психолог АӘД жетекшісі
6	4 апта	«Тарихқа тағзым» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	1-11 сыныптар	Тарихи танымдық сабақ	Сабақтың жоспары	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева Сынып жетекшілер психологтар

7	1 апта	«Сен және Заң» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	1-11 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағаты ның жоспары	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева
8	2 апта	«Мектептегі мінез- құлық ережелері» («Жеткіншектің жеті жарғысы»)	1-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс- шара	Сыныптан тыс іс- шараның жоспары/ сценарі	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева Сынып жетекшілер
9	3 апта	Сабырлылық – асыл қасиет («Ата-аналар мектебі» жобасы)	1-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс- шара, Ата- аналармен дөңгелек үстел	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/ сценарі, хаттама	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева Сынып жетекшілер
10	2 апта	«Өзіңді мамандықтар әлемінде тап» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	1-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс- шара	Сыныптан тыс іс- шараның жоспары/ сценарі	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева Сынып жетекшілер
11	4 апта	«Оқуға құштар мектеп» челленджі (Тоғыз айға 9 іс-шара)	1-11 сыныптар	челлендж		ДТІЖО Г.Ж.Тагаева Сынып жетекшілер кітапханашы

НАУРЫЗ – ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕУ айы

- 1 наурыз – Алғыс айту күні
- 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні
- 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мейрамы
- 27 наурыз – Дүниежүзілік театр күні

№	Уақыты	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)						
1	1.03.2024	«Мың алғыс, ...» («Балалар кітапханасы» жобасы)	1-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценарийі	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева Сынып жетекшілер
2	2 апта	«Таным. Тағылым. Тәрбие» (Жеткіншектің Жеті Жарғысы» жобасы)	5-8 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева Сынып жетекшілер
3	3 апта	«Домбыра Party» («Ата-аналар мектебі» жобасы) Домбырашылар (Тоғыз айға тоғыз іс-шара)	5-11 сыныптар	Домбырашылар челленджі	Әлеуметтік желілерге жариялау	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева Сынып жетекшілер
4	2 апта	«Бәрі де, Ана, бір өзіңнен басталды» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	1-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шаралар	Жоспар	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева Сынып жетекшілер Мектеп тәлімгері

5	3 апта	«Атадан-өсиет, анадан-қасиет» (тыйым сөздердің мағынасы) («Даналық» мектебі) Төрт тоқсан-төрт өнер жобасы аясында Ұлттық өнер көрмесі	5-8 сыныптар	Іс-шара, көрме	Іс-шаралар жоспары	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева Сынып жетекшілер Мектеп тәлімгері
6	4 апта	«Ұлыстың Ұлы күні-Наурыз!» мерекесін өткізу «Ұлттық киім – ұрпаққа мұра» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	1-7 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	Сынып сағатының жоспары	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева Сынып жетекшілер
7	Тоқсанына 1 рет	Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың, қорлаудың, қудалаудың, балалар ортасында мектептегі атыстардың алдын алу	7-10 сыныптар	Іскерлік ойындар, дебаттар, даулар, отырыс	Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, зорлық- зомбылықтың, қорлаудың, қудалаудың, балалар ортасында мектептегі атыстардың алдын алу туралы түсінік қалыптастыру	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева Сынып жетекшілер

СӘУІР– ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ айы

➤ 12 сәуір - Ғылым күні

№		Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)						
1	1 апта	1 «Достық – көмек пен мықты» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	5-11 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер
2	2 апта	2 «Отбасыммен бірге өткізген қуанышты күндерім!» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева Сынып жетекшілер
4	3 апта	«Тиімді әрі пайдалы тамақтану негізі» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	1-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева Сынып жетекшілер
5	2 апта	2 «Табиғат тамашалары» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы) Туган өлкем фестивалі «Төрт тоқсан-төрт өнер» жобасы	1-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара, фотосурет көрмесі	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сцена рий	Сынып жетекшілер
6	3 апта	«Әкелер күні» халықаралық мерекесі шеңберінде «Менің әкем – жақсы адам» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	«Әкелер» клубы 5-8 сыныптар	Кездесу	Жоспар	

7		12) Қушыларға дене шынықтыру-сауықтыру экскурсияларын ұйымдастыру «Тоғыз айға 9 іс-шара» шахмат ойыны	5-9 сыныптар	Сайыс ұйымдастыру	Жоспар	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева
---	--	---	--------------	-------------------	--------	-------------------

МАМЫР – БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ АЙЫ

- 1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні
- 7 мамыр-Отан қорғаушылар күні
- 9 мамыр-Жеңіс күні
- 31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні
- Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл

№	Уақыты	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)						
1.	1 апта	«Ұлттар достастығы» («Балалар кітапханасы»)	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекшілер
3.	1 апта	«Медиа time» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	5-11 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева Сынып жетекшілер Мектеп тәлімгері
4.	1 апта	«Менің гүлзарым» «Жасыл мекен» Тоғыз айға 9 іс-шара («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	1-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценарийі	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева Сынып жетекшілер Мектеп тәлімгері Биология пәнінің мұғалімі
5.	2 апта	«Оқырмандар отбасы» («Ана-аналар мектебі» жобасы)	Аналар мектебі, Әкелер клубы	сайыс	Хаттама	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева Сынып жетекшілер Педагогикалық қолдау орталығы

6	2 апта	«Адамдық борыш ар үшін» («Оқуға құштар мектеп» жобасы)	1-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сцена рii	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева Сынып жетекшілер Мектеп тәлімгері
7	2 апта	«Жеңіс деген шат күлкісі баланың» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	1-11 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева Сынып жетекшілер Мектеп тәлімгері
8	3 апта	Әскери-патриоттық оқу- дала жиыны	11 сынып	Дала жиыны		ДТІЖО Г.Ж.Тагаева Сынып жетекшілер АӘД мұғалімдері
9	3 апта	«Менің кіші отанымның картасы» («Ұлттық мектеп лигасы»)	1-4 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева Сынып жетекшілер Мектеп тәлімгері
10	3 апта	«Отбасы FEST» фестивалі («Ата-аналар мектебі» жобасы)	1-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сцена рii	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева Сынып жетекшілер Педагогикалық қолдау орталығы
11	3 апта	Халықаралық отбасы күні «Денсаулық FEST» («Ұлттық мектеп лигасы»)	Ата- аналар	Ата-аналарға арналған іс-шара	Хаттама	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева Сынып жетекші Дене шынықтыру пән мұғалімдері
12	2 апта	Спортшылардың, балалар мен ата-аналардың қатысуы мен жыл сайынғы	5-9 сыныптар	Кросс ұйымдастыру	Жарыстың жоспары	Дене шынықтыру пән мұғалімдері

		жаппай кросстар мен жарыстар өткізу				
13	31.05.2024	«31 мамыр-Саяси қуғын-сүргін ашаршылық құрбандарын еске алу» күндері аясында іс-шаралар өткізу	1-11 сыныптар	Таным сабағы	Сабақ жоспары	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева Сынып жетекші Тарих пәнінің мұғалімдері
14	Тоқсанына 1 рет	Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, зорлық- зомбылықтың, қорлаудың, қудалаудың, балалар ортасында мектептегі атыстардың алдын алу	7-10 сыныптар	Іскерлік ойындар, дебаттар, даулар, отырыс	Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың зорлық- зомбылықтың, қорлаудың, қудалаудың, балалар ортасында мектептегі атыстардың алдын алу туралы түсінік қалыптастыру	ДТІЖО Г.Ж.Тагаева Сынып жетекші

2023-2024 оқу жылының тәрбие жұмысына сараптама

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында жүргізілген жұмыстар:

Аталған тәрбие бағдарламасы бойынша жұмыстар жоспарлы түрде жүргізіліп отыр.

Соның ішінде **ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ ҚҰНДЫЛЫҒЫ БОЙЫНША:**

«Мектепке жол» акциясы, Тілдер фестивалі аясындағы жұмыстар, 9 айға - 9 шара жобасы аясындағы «Әнұран айту күні», Республика күніне байланысты «Қыран елім-Қазақстан» тақырыбындағы мектептің жылдық концерттік-мерекелік бағдарламасы, «Теңге тарихы» таныстырылымы, «Асық ату» шарасы аясындағы «Даналық мектебі» жұмысы мен салауатты өмір салтын, ұлттық ойындарды насихаттауға бағытталған асық ату, бес тас ойындары, Бала құқығын қорғау күніне байланысты жұмыстар, Тәуелсіздік мерекесі, «Төрт тоқсанға – төрт шара» жобасы аясындағы «Ұлттық өнер» көрмесін ұйымдастырып, тәрбиенің негізгі мақсаты ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеуге бағытталған жұмыстар болып табылады. 1 - қыркүйек күні Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігінің ұйғарымымен «1 қыркүйек Білім күні» мерекесінің салтанатты жиыны мен алғашқы тәрбие сағаттары «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Мектеп – мейірім мекені» тақырыбында салтанатты жиын және ашық тәрбие сағаттары өтті.



Қазақстан халқының тілдері күні мерекесіне орай «Тіл шеруі» айлығының жоспары құрылып (5 қыркүйек - 5 қазан) тілдер айлығы өтті. Бұл айлықта іс-шаралар қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде өткізілді. Аталған айлық аясында бекітілген жоспар бойынша мектебіміздің тіл мамандары Қазақстан Республикасында тұратын барша халықтың тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін қорғауға және дамытуға бағытталған түрлі іс-шаралардың өтуіне белсене ат салысты. Дүйсенбі күні «Мемлекеттік тіл - бірлік пен татулықтың кепілі» тақырыбымен апталықтың ашылу салтанаты болды. Салтанатты жиын Қазақстан Республикасының Әнұранымен ашылды. Шараны пән мұғалімдері дайындаған оқушылардың үш тілдегі әдеби монтажи жалғастырды. 5-11 сыныптар аралығында «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» атты қабырға газеті, 2-4 сыныптар аралығында «Тіл - ұлттың жаны» суреттер көрмесі, 8-9 сыныптар аралығында қазақ тілінде «Тіл мәртебесі - ел мерейі», орыс тілінде «Слово – великое орудие жизни» және ағылшын тілінде «Do we need an English language?», кітапханашы «Оқуға құштар мектеп» аясында «Тілдер әлемі» тақырыбында көрме ұйымдастырды. «Оралхан Бөкейдің туғанына -80 жыл» тақырыбында тілдер апталығының әдеби –танымдық қорытынды кеші өткізілді. Мектебіміздің тәрбие-ісі жөніндегі орынбасары құттықтау сөзінде елімізде қоныстанған барлық ұлттардың тілдерін, мәдениетін, сондай-ақ мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру бағытында қол жеткізген айтарлықтай жетістіктерге тоқталып, маңызды айлықта белсенділік танытқан жеке тұлғаларды атап, тіл мамандарына өз ризашылығын білдірді.



Оқушылардың күзгі демалысын ұйымдастыру жоспары бойынша «Біздің отбасылық қызығушылықтарымыз» тақырыбында 1-сынып оқушылары өз отбасындағы үйлесім, ортақ қызығушылықтары мен бірлескен істерді атқарудағы дағдыларын көрсете білді. Оқушылар отбасындағы жасалатын шаруаларға ата аналарына қалай көмектесетіндігін және өзінің қандай шаруаға епті екендіктерін фотоға түсіріп, коллаж жасады.

15 қараша "Ұлттық валюта" күніне және биыл Қазақстан Республикасының ұлттық валютасына 30 жыл толуына орай Мұратова Н.С оқушыларға ұлттық валюта туралы видео көрсетіп, сол бойынша оқушыларға сұрақтар қойылды.

Жаңа 2024 жылды қарсы алу үшін 1-11 сынып оқушыларына «Төрлет, Жаңа жыл!» тақырыбында шырша мерекесі өтті.



ТАЛАП ҚҰНДЫЛЫҒЫ БОЙЫНША:

Дәстүрлі «Алтын күз» мерекесі, «Ақындар айтысы» - биылғы жылы бірінші рет болды, «Темекі – қас жауың» тренингі, «Адал еңбек – табыс көзі» кәсіптік бағдар беру шарасы, «Алтын сақа» олимпиадасы ұлттық ойынды насихаттау мақсатында біріншілік форматында, (Жаман әдет – дерт» сыныптан тыс шарасы, Жаңа жыл мерекесіне байланысты жұмыстар мен мерекелік шаралар және 9 айға – 9 шара жобасы аясындағы «Қазақ есебі» жұмысы өте кең көлемде өткен жұмыстар болды.

"**Оқуға құштар мектеп**" жобасы аясында мектеп кітапханасы "Кітаппен өткен демалыс қызықты" атты күзгі демалыс күні. Мақсаты: оқушыларды көркем әдебиеттерге деген қызығушылығын, ойлау және есте сақтау қабілеттерін арттыру. Оқушыларды күзгі демалыс кезінде бос уақытын тиімді пайдалану үшін көркем әдеби кітаптар оқуға шақыру. 2023 жылдың 6-10 қараша аралығында "Тұмау мен ЖРВИ" алдын алу бойынша 5-11 сынып аралығында диктант алынды, әңгіме жүргізілді. Әр сынып арасында Тұмауды алдын алу профилактикалық сынып сағаттары өткізілді.

«**Жеткіншектің жеті жарғысы**» жобасы аясында «Жолда жүру қауіпсіздігі» апталығы аясында 1—4 сыныптар аралығында суреттер байқауы өтті. Мақсаты: жолда жүру ережесін дұрыс түсініп оны пайдалана білуге үйрету, оқушыларды жауапкершілікке, сергектікке, жол ережесін бұлжытпай сақтауға тәрбиелеу. 4 сынып оқушылары сурет салуда шығармашылық қабілеттерін көрсете отырып, жол белгілерін қалай қолдана алатындықтарын белсенді түрде суреттей алды. Сынып жетекшісі С.С.Нурмухамбетова, А.Д.Рахимғалиева 7-11 сыныптарда "Жол ережесін сақтау қауіпсіздік кепілі" атты тәрбие сағаттары өткізілді.

"Жетістікке жету өз қолыңда" оқушылардың арасында қарым- қатынасты нығайту, жағымсыз көңіл - күйден арылу, өзін құрметтеу, өзін еркін сезінуге арналған тренинг өтті.

7-9 сыныптарда "Қауіпсіз балалық шақ" тақырыбында мектеп медбикесінің Жуанышпаева А.М қатысуымен тәрбие сағатын өткізді.

«Дүниежүзілік балаларды қорғау күні: балаларға арналған өмір» республикалық онкүндікті ұйымдастыру және өткізу шаралары бойынша мектеп психологы 5—11 сынып оқушыларына «Балалық шақты бірге қорғаймыз!» тақырыбында психологиялық тренинг өткізді. Мақсаты: балалардың жеке қасиеттерін дамыту. Бір-бірін сыйлауға, адамгершілік қасиеттерін жоғалтпай ұстауға жетелеу.



22.11.2023 жылы мектебімізде «Дүниежүзілік балаларды қорғау күні: балаларға арналған өмір» республикалық онкүндікті ұйымдастыру және өткізу бойынша 7-9 сынып оқушыларына Жарма АПБ ЖПҚБ кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдер инспекторы Мамилов М.К., Муратов Р.М «Жасөспірім» тақырыбында дәріс өткізді. Инспекторлар жасөспірімдерге түнгі көшеде жүру, нашақорлық, темекі шегу, алкогольдің зияны, ұрлық, буллинг және кибербуллинг тақырыптарында түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Мақсаты: балаларға құқықтық білім беру, балалардың құқықтық түсініктерін қалыптастыру, танымдық қабілеттерін дамыту, тәртіп ережелерін сақтауға үйрету.



«Дүниежүзілік балаларды қорғау күні: балаларға арналған өмір» республикалық онкүндігінің жоспары аясында «Бақытты балалық зорлық зомбылықсыз әлем» тақырыбында көпбалалы аналармен кездесу ұйымдастырылып, мектеп психологы А.М.Канашева мен тәрбие ісінің меңгерушісі Г.Ж.Тагаева аналармен «Бес қадам» әдісімен амандасу, балаларынан «Анама хат», балаларының көздерінің суреттерін танып табу, «Ана» мен «Бала» жұбы болып берілген мәселелерді талдау, «Күлкі —көңіл ажары»(1 минутта берілген сұрақтарға қызықты жауап беру) психологиялық жаттығулар жүргізді. Бұл кездесу өте қызықты өтті, аналар өз пікірлерімен бөлісіп, ризашылықтарын білдірді. Әйел затына жүктелген ауыр жүк- бұл көп балалардың анасы болу.

Сонымен қатар осы құндылық аясында «Мектеп мақтаныштары» дәстүрлі шарасы Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында облыс, республика көлемінде мектептің намысын қорғап, түрлі деңгейдегі жетістікке жеткен оқушылар мен ата-аналар еңбегін насихаттау мақсатында өткен жұмыстар қатарынан табылды.

АР-ҰЯТ ҚҰНДЫЛЫҒЫ БОЙЫНША:

Отбасы күніне байланысты жұмыстар, Еңбек күніне байланысты жұмыстар аясында «Әлемнің жаршысы – еңбек» кездесу шарасы, Қарттар күніне байланысты арнайы құттықтау роликтері мен жалғыз басты қарт адамдарға қолғабыс шарасы, Ұстаздар мерекесіне қатысты ауқымды жұмыстар ата-ана, оқушылар, мектеп тұлғалары қатысымен үлкен көлемде ұйымдастырылды, құқық бұзушылықтың алдын алуға байланысты жиналыстар, облыстық жастар ресурстық орталығымен бірге сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға байланысты жұмыстар, тақырыптық қыздар және ұлдар жиналыстары, тақырыптық ата-аналар жиналыстары биылғы оқу жылында осы уақытқа дейін өткізілген жұмыстар болып табылады.

1 желтоқсан "Дүние жүзі— ЖИТС" қарсы күрес күніне арнайы мектеп медбикесы Жуанышпаева А.М 8-11 сыныптар арасында дөңгелек үстел өткізді. Мақсаты: Оқушыларға салауатты өмір салтын ұстану бүгінгі маңызды мәселелердің бірі, балаларды жасынан салауатты өмір салтын қалыптастыру күш салып, зиянды әдеттерден сақтандыру.

Жарма АПБ бастығының бірінші орынбасары полиция подполковнигі Ногуманов Канат Маратович пен Жарма АПБ ЖПҚБ КТІБ учаскелік полиция инспекторы полиция капитаны Мұратов Ринат Мирланұлы 5—11 сынып оқушылары арасында құқықбұзушылықтың алдын алу және зиянды заттарды қолданбау бойынша профилактикалық әңгіме жүргізді. Әңгіме барысында жасөспірімдердің құқықтық сауаттылығын арттыру, құқықбұзушылық және қылмыстың белгілері мен түрлерін таныстырды. Оқушыларды ұсақ бұзақылыққа бармауға, бір біріне әлімжеттік көрсетпеуге және зиянды заттарды қолданбауға шақырды. Аталған алдын алу шаралары оқушылардың өмір қауіпсіздігін сақтауға, мектептің ішкі тәртібін бұзбауға ықпал етеді.



Тәрбие ісінің меңгерушісі: Г.Ж.Тагаева